

Танымал түркітанушы ғалым, ұлағатты ұстаз, ҚР ҰҒА академигі Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызына – 90 ЖАС!

ҚҰРМЕТТІ РӘБИҒА СӘТІҒАЛИҚЫЗЫ!

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Төралқасының атынан Сізді бүгінгі мерейтойыңыз - 90 жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз 1924 жылы 17 тамызда Ақтөбе облысы Ойыл қалашығында дүниеге келдіңіз. 1938-1940 жылдары Темір қаласындағы педучилищеде оқыдыңыз. Еңбек жолыңызды 16 жасында бастап, 1940-1945 жылдары Алға поселкесі мен Темір қаласында мектеп мұғалімі, педучилище оқытушысы болып қызмет еттіңіз. 1945-1947 жылдары Абай атындағы Алматы педагогикалық институтында оқып, 1947 жылы үздік бітіргенсіз. 1947-1951 жылдары осы институттың аспирантурасында оқыдыңыз. 1951-1957 жылдары Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасында (қазіргі «Рауан») редактор, редакция менгерушісі болып қызмет еттіңіз. 1957 жылы ҚазССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына (қазіргі кезде - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты) жұмысқа шақырылды. Ғылым жолындағы ізденістерін кіші ғылыми қызметкер ретінде бастап 1961-1994 жылдары осы институтта бөлім менгерушісі, 1994 жылдан бүгінгі күнге дейін бас ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеп келесіз.

30-ға жуық кітап, 400-ден астам мақала жаздыңыз. Ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты: абайтану, қазақ әдеби тілінің бесғасырлық (XV-XIX ғ.) тарихы, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің (Ясауи «Хикметтері», Қадырғали Жалайырдың «Жами'ат-тауарих» атты мұраларының) тілі, сөз мәдениеті, лингвистикалық стилистика, алаштану, лексикология, лексикография т.с.с.

1959 жылы «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғадыңыз. Сіздің көрнекті ғалым ретінде ерекше ден қойып, зерттеген салаларының бірі - қазақ әдеби тілінің бесғасырлық (XV-XIX) тарихы. Қазақ тіл білімінде «лингвистикалық стилистика» деп аталатын жаңа саланың негізін салушысыз.

Сіздің жетекшілігіңізбен 9 ғылым докторы мен 20 ғылым кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Құрметті Рәбиға Сәтіғалиқызы, 90 жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге, отбасыңызға мол бақыт, зор денсаулық, ұзақ өмір және шығармашылық шалқар шабыт тілейміз!

ҚР Ұлттық ғылым академиясының Төралқасы